

ФОРУМҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

«Болашаққа бет бұру: жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудегі үрдістер, проблемалар мен болашағы» атты білім беру сапасын қамтамасыздандыру бойынша Еуразиялық форумға-Халықаралық конференцияға қатысу үшін **2018 ж. 5-қыркүйекке дейін** келісім-шарт жасап (Қосымша 2 қараңыз), хаттың 3-ші Қосымшасында көрсетілген өтінім үлгісін толтырып, жіберу қажет, немесе төменде көрсетілген сілтеме <https://ru.surveymonkey.com/r/PSHFXRJ> бойынша өтіп, тіркелуге болады.

Форум қатысудың үш түрін ұсынады:

- Мақаламен (ғылыми мақалар жинағында жарияланады);
- Мақаласыз;
- Қашықтықтан мақала жариялау.

Мақалалар **2018 ж. 10-тамызына дейін** eurasianforum@iqaa.kz электронды мекенжайға 4-ші Қосымшада көрсетілгендей рәсімдеп, жіберу қажет.

Форумға қатысу құны, ҚҚС есептемегенде, бір қатысушыға:

- 2018 ж. 1-шілдесіне дейін ерте тіркеуден өткен жағдайда - **30 000 (отыз мың)** теңгені,
- ал аталған уақыттан кейін тіркеуден өткен жағдайда - **36 000 (отыз алты мың)** теңгені,
- қашықтықтан мақаланы жариялау жағдайында – **10 000 (он мың)** теңгені (бұл жағдайда төлем редакциялық комиссияның мақаланы жариялау шешімін қабылдағаннан кейін жүргізіледі) құрайды.

Төлем 2-ші Қосымшада көрсетілген реквизиттер бойынша жүргізілу қажет, ал Заңды тұлғаларға сол 2-ші Қосымшаға сәйкес Келісім-шарт жасау керек.

Төлемнің мақсаты: Форум жұмысына қатысу үшін.

Қатысу сомасын төлеу туралы eurasianforum@iqaa.kz электронды мекенжайына хабарлау қажет. Хатта қатысушының толық аты-жөні мен төлем күнін көрсетіңіз.

Тұру және жол жүру ақысы форум қатысушыларының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Форумға қатысушыларға қонақүй брондау қызметі ұсынылады. Брондауды жасау үшін өтінімде бронь жасаудың қажеттілігі мен шарттарын көрсету қажет.

Форумға қатысушылар үшін «Park Inn by Radisson Astana» қонақүйінде бір тәулік тұру құны 16000 теңгені құрайды.

ФОРУМНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТИ